

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

Стоматология факультеті

Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы мәжілісінің

№2 ХАТТАМАСЫ

Түркістан қаласы.

28.10.2022 ж.

Қатысқандар:

Комиссия төрағасы: Бисеитова Асель – магистр, аға оқытушы;

Комиссия мүшелері:

1. Қожамбекова Эльмира – магистр, аға оқытушы;
2. Ходжаев Нұрлан – м.ғ.к., доцент м.а.;
3. Арыстанова Сымбат – магистр-оқытушы;
4. Ахтаманов Джахангир – аға оқытушы;
5. Ускенбаева Айгерим – оқытушы;
6. Айболова Гульнар – техн.ғ.к., доцент м.а.;
7. Мамырбекова Айжан – х.ғ.к., доцент;
8. Шулен Аслан – стк 505-тобының студенті;
10. Шалтаева Меруерт – Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлімі әдіскері.

Комиссия хатшысы: Сыздықова Әсем – магистр-оқытушы

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Ауу.portal базасына ББ пәндері бойынша контенттердің толық және сапалы жүктелгенін тексеру.
2. ББ пәндерін жүргізетін ОПҚ-ң біліктілік талаптарға сәйкестігін қадағалау.
3. Бағдарламалық аккредиттеу нәтижелерін талдау, институционалдық аккредиттеу бойынша, постмониторинг жұмыстарын ұйымдастыру.
4. Қазан айында жүргізілген іс шаралар нәтижелерін Комиссия мәжілісінде талдау

1.Тыңдалды: Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы төрағайымы: А.Бисеитова сөз алып күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша ББ пәндері бойынша ауу portal- базасына контенттердің толық және сапалы жүктелгені тексерілді. Жалпы оқу материалдары лекция, практикалық сабақ, аралық бақылау, тест, тағы басқадан тұрады. Оқытушы барлық тапсырмалардың орындалуын қадағалауы, және курс мерзімдеріне тиісті бағалауы міндетті. Оқытушы қажетті жағдайларда курсқа өзгерістер енгізуі мүмкін. Аралық бақылау 7-ші және 15-ші апталарда ағымдық бағаның жиынтығы мен білімгердің өзіндік жұмысының қорытындысынан шығарылады.

2022-2023 оқу жылының күзгі семестрінде өтілетін пәндердің оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік кешендері жаз айларында дайындалып, оқу үдерісін ұйымдастыруға дайындық жұмыстары жүргізілді. Білім беру процесі оқытудың жаңа технологиясы – portal.auu.edu.kz сайты бойынша оқу жоспарына сай жүзеге асырылды. Пәндердің электронды оқу-әдістемелік кешендері (силлабус, лекция тезистері, иллюстративтік және таратылым материалдары, семинар (практикалық), лабораториялық сабақтардың жоспары мен әдістемелік нұсқаулары және т.б.) ауу.portal сайттарына жүктеліп, сабақ кестесіне сай жүзеге асырылды. Білім беру қорларына (ресурстарына) қол жетімділік орнатылған. Білім алушылар және оқытушылар университеттің кітапханасына сайт арқылы кіріп, пайдалана алады.

Шешім: оқытудың жаңа технологиясы –portal.ayu.edu.kz сайты бойынша оқу жоспарына сай жүзеге қолданылуы, ағымдық, аралық бағалау процестерінің бекітілген талаптарға сәйкестігі бақылансын.

2.Тыңдалды : Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 719 бұйрығына сәйкес ББ пәндерін жүргізетін профессор оқытушылар құрамының біліктілік талаптарға сәйкестігін қадағалау бойынша жүргізілген мониторинг нәтижелері талқыланды (№1 қосымша бойынша 2015 жылғы 17 маусымдағы №391 бұйрығымен бекітілген «Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесі» туралы бұйрыққа сәйкес №1 қосымша Педагог және оқытушы кадрлармен жасакталуы туралы мәліметтер келтірілген. Факультет оқытушылары «Damutek» ЖШС, SAMGAR республикалық ғылыми-әдістемелік орталығы және «Ғалымнұр» біліктілікті арттыру және қосымша білім беру орталығында және Нұр-Сұлтан қаласындағы Үкіметтік емес сапаны бағалау орталығындаөз өтетін пәндері бойынша онлайн форматта біліктілікті жетілдіру» курсынан өтті. Сонымен қатар Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Үздіксіз білім беру институтында оқытушы профессорлар «Кәсіби және педагогикалық шеберлік біліктілікті жетілдіру» бойынша сабақ беру және бағалау курстарынан өтіп арнайы сертификаттар берілді. Оқытылатын пәннің бейініне сәйкес 2022-2023 оқу жылында кадрлардың біліктілік арттырудан және қайта даярлаудан өткені туралы мәлімет қосымшада берілген.

Шешім: ББ пәндерін жүргізетін профессор оқытушылар құрамының біліктілік талаптарға сәйкестігі расталды.

3.Тыңдалды : Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі (АРТА) ұйымдастырған институционалды аккредитациялау процедурасынан табысты өтіп, 2018 жылдың 31 мамырында Астана қаласында өткен агенттіктің Аккредиттеу Кенесінде оқу орнын 5 жыл мерзімге аккредиттеу туралы шешім қабылданды. КЕМ «Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі» бойынша мамандық Білім беру бағдарламасы 5 жыл мерзімге мамандырылған аккредиттеуден 20.05.2020-19.05.2025 ж өткендігін жөнінде сертификаты бар.

Арта/ Iaag Аккредиттеу Және Рейтингтің Тәуелсіз Агенттігінің СЭК Ұсынымдары бойынша іс-шаралар жоспары бекітілді және жоспар бойынша жұмыстар жүргізілуде. Іс шаралар жоспары бойынша жүргізілген жұмыстар нәтижесінде постмониторинг жұмыстары дайындалу сатысында.

Шешім: Бағдарламалық аккредиттеу нәтижелерін талдау, институционалды аккредиттеу бойынша, постмониторинг жұмыстарын ұйымдастыру жүргізілсін.

Мәжіліс төрайымы:



Бисетова Асель-оқытушы

Мәжіліс хатшысы:



Сыздықова Әсем– оқытушы-магистр